



6-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ӘЛЕМ МУЗЫКАСЫНЫҢ ТАРИХЫ. 2-БӨЛІМ

Оңтүстік Шығыс Азияның музыка  
өнерінің тарихы /жалғасы/





**Дәрістің мақсаты:** Оңтүстік Шығыс Азияның музыка өнерінің тарихын Кембридждік жинақтағы Маргарет Картомидің зерттеуіне сүйене баяндамау.

Жиырмасыншы ғасырдың басында голландтық отарлаушылар жергілікті қауымның қарсылығына тап болды. Осының барлығы қан төгіс соғысқа ұласты. Дәстүрлі музыка мен би мұсылман діни жанрларын насихаттайтын ортодоксальді мұсылман көшбасшыларының жетекшілігіндегі бүлікшіл халық арасында өмір сүріп жатты. Ақсүйек жетекшілер мұсылмандарға да, мұсылман еместерге де бірдей сүйеу болды. Голландтықар өз биліктеріне қауіп төндіретін соғысқа шақыру мақтау жырларына тыйым салды. Дегенмен, отардағы Балиде Сарай рухани күші азайды, ал оның табысы қатты шектеліп, өнерге көмек беру қысқарды; гамелан оркестрлері және басқа да көркем нысандар сатылған, кепілдікте немесе ауылдарға берілген болатын. Бұл алыс-берістің нәтижесі көптеген ауылдарда көркем белсенділікті тудырды, ерекше маңыздысы жаңа, қуатты ансамбль мен гамелан кебьяр стилінің дамуы болды, сонымен қатар Балидің солтүстігінде жаңа хореографиялық билер пайда болып, оңтүстікке және бүкіл аралға таралды. Ол өз кезегінде 1920 жылдары голландтық тәртіп орнатқан туристік индустрияның дамуында маңызды рөл атқарды.

Голландтықтар Явада жергілікті королдік билікті өздерінің жеке экономикалық және саяси артықшылықтарына айналдыру мақсатында дәстүрлі Гамеланның, бидің және театрдың қамқорлығында Сарайға көмектесіп өздерінің қалыптасқан стратегиялы жұмыстарын жүргізді.

Олар Индонезиялықтардың заманауи білім алуына қарсылық танытып, өздерінің зерттеушілерінің яван әдебиетін орындаушылық өнер және беллетристика бойынша оқуға қызықтырды; соның ішінде XIX ғасырдағы және оған дейінгі ең маңызды сарайдағы көптеген драмалық музыка мен биге сипаттама беретін Чентини, он тоғызыншы ғасырда аяқталған Яванның сарайлық ұзақ поэмасына назар аударады. Сонымен қатар голландтық ғылыми қоғам білімді явандықтардың музыка бойынша теориялық трактаттар жазулары үшін байқаулар ұйымдастырып қолдап отырды, солардың ең алғашқысы 1870 жылы жазылды. Осыдан кейін 1913 жылы яван балалар әндеріне, біріккен яван-голландтық жұмыс ұйымдастырылды.

Оңтүстік Шығыс Азия және басқа да елдердің музыкаларын Еуропада зерттеу жұмыстары 1800-жылдардың аяғында басталды, сол кезде неміс музыкатанушылары Курт Сакс және Эрих М. фон Хорнбостель Оңтүстік Шығыс Азия және басқа да әлемнің біраз елдерінің аспаптары мен музыкасын өздерінің салыстырмалы зерттеулерінде қолданған болатын.

Алайда олар тарихи емес, синхронды көзқарасқа сүйене отырып, өз жұмыстарын алғашқыда 1889 жылғы Париж көрмесі сынды Еуропаның сауда жәрмеңкелерінде қолданған явандықтардың, сиамдықтардың және басқа да топтардың фонограммалық музыка жазбаларына негіздеді.

Бұдан басқа, Александр Эллис, Карл Стампф және басқалары Оңтүстік-Шығыс Азиядағы дыбыс тәртібі мен тоналды жүйелер туралы қағидаттарды ұсынса, ал Якобсен мен ван Хасселт 1907 жылы Яван гонгын құру туралы кітапта аспаптардың эргологиясын сипаттады. Ботаниктер, биологтар және натуралистердің жіктеу жүйелерінің сынына сәйкес Хорнбостель мен Сакс сондай-ақ Оңтүстік-Шығыс Азияны және Еуропалық тұрғыдан басқа да музыкалық аспаптарды сипаттап, жіктеді.

Мәдени тақырыптардағы басылымдар мұсылмандық тақырыптарды айналып өтіп, көбіне үнді-яван сарайларындағы «жоғары өнерді» нысанға алды, ал «төмен» немесе «танымал» өнерге аз көңіл бөлінді; голландиялық ост-Үндістанның сыртқы аралдарының мәдениеттері толығымен ескерілмеді.

## **Ал КЕЙІНГІ ОТАРШЫЛДЫҚ КЕЗЕҢ (1): ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСҚА ДЕЙІНГІ БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС кезеңін сипаттар болсақ,**

1910-жылдардан бастап Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде отаршылдыққа қарсы қозғалыстар үдей түсті, тек саяси өзгерістерге емес, сахналық өнерге де өзгеріс әкелетін арандатушылық көбейді. Қалалар кеңейіп жатты, бірақ колониялар айтарлықтай өндірісті қажет етпеді, халық білімсіз кедей болып қала берді, ал сарай мен ауылдарда, отарлық қызметтегілер өз жұмыстары үшін аздаған тиын ғана алды.

1920-жылдың аяғында ұлтшылдар, коммунистер және мұсылмандық партиялар императорлық кезеңнің мемлекеттік құрылымына қарсы күресті басқарды, бүлікшілер қозғалысы мен көтерілістер заманауи ұлтшылдық қозғалысқа, ал оның соңы отаршылдық бақылауға үндеу тастап, тәуелсіз Индонезияға жұмыс істеп және музыка өнерінің жағдайын өзгертуге әкелді.

Балидегі отаршылдық саясат батыс келушілерді қызықтыру мақсатында туризмді дамытты, бұның салдары музыкалық өнерге зиянын тигізді. Уолтер Шпион және Колин Макфи сынды батыс зерттеушілері



Балиде тұрып жергілікті музыканы зерттеді. 1908 жылы Голландия мен Бали арасындағы соғысының аяқталу уақытында Балидің сарайлары қирап, князьдар өздерінің Гамелан оркестрлерін ауылдарға кепілге салып немесе сыйға беріп жатқан кезде, өнерді королдіктің қолдауы азайған еді. Осыған жауап ретінде ауыл суретшілері гамелан ойынының кебьяр деп аталатын жігерлі түрін ойлап тапты, ол солтүстікте пайда болып, алдымен оңтүстікке кейіннен аралдың барлық жеріне тарап кетті. Балиліктер индустік дәстүрлі рәсімдер мен өнерді қолдануды жалғастырып жатты, бірақ дамыған туризм индустриясы үшін зайырлы ортада өздерінің қасиетті музыкалық, би және театр формаларын қысқарту және дамыту орынды деп саналды. 1929 жылы экономикалық құлдыраудың кесірінен туризм едәуір азайды, кейіннен Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде толығымен тоқтап қалғанға дейін 1930 жылы қайта жанданды. 1942 жылы жапондықтар басып кірген кезде голландтықтар өз отарларын тастап кетуге мәжбүр болды.

## **КЕЙІНГІ ОТАРШЫЛДЫҚ: ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАН KEЙІНГІ ЕКІНШІ КЕЗЕҢ**

Соғыс Оңтүстік Шығыс Азияда (мысалы, Қытай, Үндістан және Пәкістан), Еуропаның өз отарларын қайта құру талпынысына қарамастан, голландтықтардың, француздардың және американдықтардың отарлауын толығымен күйретіп жойды. Тәуелсіздікке жеткен бірінші елдер Филиппин, Бирма, Индонезия кейіннен Малайзия, Сингапур, Бруней, ақырында, француздарға тәуелді: Вьетнам, Камбоджа және Лаос та болды. Вьетнам француздардың езгісінен 1955 жылы құтылғанымен, Құрама Штаттар мен оның одақтастарының бұғауына тап болды.

Жаңа тәуелсіз елдер өз өмірін, оның ішінде өз музыкасын да бақылауға алғандықтан, өңірдің өткені мен оның жаһандық мәні туралы жаңа көзқарастар пайда болды.

Музыкалық білім, тәжірибе және зерттеу үшін маңызды оқиға, аймақта консерватория мен университеттердегі музыкалық факультеттердің ашылуы болды. Дәстүрлі музыканың тәжірибесі мен теориясы туралы трактаттар жазу үшін және оқу үшін Оңтүстік-Шығыс Азияның белді музыкатанушылары шақырылды. Заманауи батыс фольклоршылары ең маңызды деп халық жанрын емес, сарай өнерін қарастырды. Сол уақытта жағдай өзгерді, өйткені Оңтүстік-Шығыс Азия тұрғындары батыс елдерінде фольклористика саласында дипломнан кейінгі білім ала бастады.

Соғыстан кейінгі орындаушылық өнер тәжірибесіне әсер еткен маңызды ықпал 1950-жылы туристік базардың ашылуы болды. Балидегі бұл базар 1969 жылы халықаралық әуежайдың ашылуымен кеңейе түсті. Үкімет пен корпорациялар туризмнің әлеуметті экономикалық пайдасын көрді. Олар туристерге арналған музыкалық қойылымдарға, мемлекеттік іс-шараларды безендіруге, сайлау кампанияларына қатысуға және өз елін халықаралық турларда көрсетуге қаражат сала бастады. Жергілікті, сондай-ақ шетелдік ғалымдар осы дәуірдегі дәстүрлі шығармашылық өзгерістердің жоғалуын түсініп, дәстүрлі музыкалық мәдениеттерді құжаттау және жазу барысында өз күш-жігерлерін жандандырды.

## **1975 ЖЫЛДАН АЗИЯЛЫҚ ВАЛЮТАЛЫҚ дағдарысқа 1997 DEЙІНГІ кезеңде өнерде қандай өзгерістер болғанын атап өтейік.**

1975 жылы Вьетнам шетелдік алпауыттардан азаттық алған кезде, отаршылдық дәуір толығымен аяқталды. Классикалық және танымал вьетнамдық музыкалық өнер әлем жағдайында еркін дами алды, алайда көрші Камбоджа, Лаос және Бирмадағы қақтығыстар осы елдердің қалыпты өмірге қайта оралуын баяулатты.

Оңтүстік-Шығыс Азия фольклоршылары өздерінің және шетелдік, отаршыл/постотаршыл ғалымдардың идеялары мен жұмыстарын, әсіресе тарихи өзгерістер, гендерлік қатынастар, бұқаралық байланыстар, әлеуметтік әділеттілік, мұра және қоршаған орта сияқты мәселелерге қатысты ашық және сындарлы түрде сын айта бастады. Сонымен қатар, Вьетнамдағы Құрама Штаттар мен оның одақтастарының жеңіліске ұшырауымен, Батыстың өздерінің үстемдігі мен отаршылдық дәуірінің модернистік идеологиясындағы күдіктері отарлардың кең ауқымды экономикалық пайдалануына негізделген дағдарысы басталды. Оңтүстік Шығыс Азия тақырыптарында батыстық зерттеушілердің саны арта бастады, ақырындап олардың арасынан фольклоршылар саны да өсті.

Модернизм сынды идеяларды өзара байытуға әкелді. Кейбіреулер ғылымды деколонизациялауға бағытталған постмодернистік тәсілдің пайдасына отарлық дәуір тәсілдерін бұзуға тырысты, бұл музыкалық ой тарихы мен отарлық дәуірдің қызметін бірнеше сыни зерттеуге алып келді. Мұндай



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім  
Дәріс: Оңтүстік Шығыс Азияның музыка өнерінің тарихы /жалғасы/  
Дәріс авторы: Әлия Сабырова

Ғалымдар арасында XVIII – XX ғасырлардағы Яван музыкалық өнерінің тарихы мен теориясы туралы кітабы әртүрлі тақырыптар бойынша сынға түскен Сумарсам болды. Ондаған жылдардағы еңбектерде жергілікті және шетел ғалымдары өз басылымдарына аздап тарихи ұстанымды қолданды, мысалы, он тоғызыншы ғасырдың соңында Малайзиядағы Бангсаван театры, Малайзиядағы музыка мен Цапин биі және оның тамыры, Таиландтың үлкен қуыршақ театры Нанг Яй, Батыс Явадағы Уэйанга Голека қуыршақ театры және Яваның мұсылман ортасындағы классикалық Яван биі туралы басылымдарды айтуға болады. Музыкадағы гендерлік қарым-қатынас тарихы Вьетнамдағы композитор-әйелдер туралы және XIX-XX ғасырлардағы Яван металлофонында классикалық әйел және жаңа ерлер ойын стилі туралы сыни тұрғыда диссертацияларда зерттеле бастады.

1980 жылдардан бастап ғалымдарды тек Ява, Бали және Тайланд сарай музыкасын зерттеп, ауыл мен сыртқы аудандардың музыкасын елеулерін сынға алды. Бұл сыни көзқарас әр түрлі этникалық топтардың тарихи басылымдарында кездесе бастады.

XX-ғасырда аймақта батыстық танымал және джаз музыкасы кең таралды, ал соғыстан кейін рок-мәдениет етек жайды. 1960-жылдың басында Индонезияның бірінші президенті Сукарно рок-музыкаға тиым салды, бірақ билік басына жазалау режимді президент Сухарто келгенде тиым алынды және батыстың коммерциялық музыкасы сауданы жайлады. Оңтүстік-Шығыс Азия аймақтық танымал коммерциялық музыкасын зерттеу 1970-жылдары, алдымен Яван кронконг музыкасын және Малай поп-ансамблін, содан кейін Малайзияның малай-еуропалық сонданғы бойынша басталды.

1970 жылы Индонезияның алғашқы музыкалық супер жұлдызы Ром Ирама құрған осы танымал музыканың ішкі жанры, әсіресе 1990-жылдары Малайзия, Ұлыбритания және Жапонияда халықаралық даңққа ие болды және музыкалық индустрияда басым түсті.

1970-жылдан бастап кассета сатылымы мен поп-топтар тарала бастады, сол кезде дәстүрлі музыка мен бидің сунданның стилі, сол кезде Джапонган Кампур сари сияқты танымал болды. Сухарто режимі дәстүрлі және танымал әртістердің өнімдерін қатаң цензура және сайлау кампанияларының қанауы арқылы бақылауда ұстады. Көптеген танымал хиттердің мәтіндері қатаң әлеуметтік сынды он жыл бойына суреттеді, 1998 жылы Сухартоның саяси тәртібі құлдырауынан бұрын, өнер салаларының кейбіреулеріне тіпті тыйым салынған болатын.

Кейбір музыканттар мәдени туризм индустриясының өсуінен пайда көреді деп сезілді, бірақ бұл екі ұшты таяқ болатын. Туризм оларды еңбектің жаман шарттарында қолданып, күтілген қаржылық табыс орнына өте төмен ақы төленді. Сонымен қатар, олар туристік нарықты, бұқаралық ақпарат құралдарын және шетелдік мәдени миссияларды қанағаттандыру үшін бейімделуі тиіс болғандықтан, ұсыныстардың сапасы зардап шекті. Көптеген музыканттардың өмір сүру деңгейі төмен болды, өйткені кассеталардың қарақшылық нарығы үстем, ал қалалар мен ауылдардағы көптеген фестивальдардағы жанды қойылымдарда жазба музыкасы қолданылды.

Жеке меншік сектор дәстүрлі музыкалық жанрларды таңдау үшін танымал музыкалық нарықты басқарып, өз нарығын құруға мүмкіндік алды, ал мемлекет дәстүрлі және жаңа экспериментальды музыканы қаржыландыруды қамтамасыз етті.

Соғыстан кейінгі Малайзияда бангсаван театралды музыкасы жиырмасыншы ғасырдың басында танымал музыка мен әр түрлі этникалық музыка стильдерін біріктірді. Бірақ, оның қытайлық элементтерін тексеруде мемлекеттік бақылау қатаң болып, нәсілшілдік көзқарастар пайда болды. Осыған қарамастан, мәдениетаралық шығармашылықпен айналысатын суретшілер малайзиялық ұлттық мәдениеттің және бұқаралық ақпарат құралдарының дамуында маңызды рөл атқарған танымал музыканың жаңа формаларын дамытуды жалғастырды. 1950 жылдан бастап көптеген танымал әндер әлеуметтік-саяси түсініктемелер мен сын-ескертпелерде әлеуметтік өзгерістерді көрсетеді.

Өзінің қоғамы мен мәдениетін модернизациялауға 1945 жылдан бастап күш салған Тайландта суретшілер классикалық тай-батыс фьюжн жанрын шығарды (осы ретте мысалы, 1950 -ші жылдары танылған Донтри Тай Праукты атауға болады).

Тай танымал музыкасының Фленг сагорн (ағылшын тіліндегі батыс стильді әндер), Фленг луук крунг (қалалық музыка), Фленг луук тунг (халық музыкасы) түрлері 1970-жылдардан бастап өз тыңдаушыларын тапты. Кейбіреулері кедей және жәбірленушілерді қорғауымен Тай топтарының гастрольдерімен танымал болды. Филлипинде кейбіреулері филлипиндік және батыс танымал кроссоверлерін шығармашылық араласу нәтижесі деп қарайды; басқалары оны мәдени гегемония және қарсылық белгісі деп қарастырады.





## 1997 ЖЫЛДАН БАСТАП БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙІН

1997 жылғы Азиядағы қаржы дағдарысы Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің біраз елдеріне кері әсерін тигізді. Ол 1970-жылдардағы экономикалық өсімнің нәтижесін жойды. Кей елдерде мемлекеттік цензураның әсері төмен болды, бірақ халықаралық дистрибьюторлар енді қандай музыканы және қандай мөлшерде дамыту керек екенін анықтау үшін сауданы зерттеп, қоғамдық талғамды еркін бақылады. Музыкалық индустрия мен жаңа технологиялар жақсы дамығандықтан, қарақшы жазбалар легі толастамады, бұл әртістер үшін үлкен кемшілік болды. 1999 жылдан бастап мәдени туризм нарығында елеулі құлдырау орын алды, бұл көптеген әртістердің өмір сүруіне зиян және көптеген шағын музыкалық мектептер мен концерттік топтардың әлемдік нарықта қысқаруына, сонымен қатар бизнестің жоғалуына, қаражаттың күрт азаюына әкелді. Валюта дағдарысынан кейін өсіп-өркендеген және реттелген қоғамда кедей, ауылдық және қалалық жерлерде сатып алу айтарлықтай азайды. Мыңдаған тіркелмеген, зерттелмеген этникалық музыка мәдениеті «жойылып кету қаупі бар» санатына енді.

1998 жылы Сухартоның құлауы көптеген үлкен саяси және көркемөнер саласында өзгерістер әкелді. Индонезиядағы бетбұрыс дәуірінде үкімет бұрынғыға қарағанда репрессивті рөл атқарса, кейін мәдени түрлілік мойындалды. Цензураны алып тастағаннан кейін, бұрынғы тиым салынған индонезийлік-қытайлық өнер қайта жанданды. Аймақты орталықсыздандыру - стилдегі басты бақылаудан босап, адамдардың өздерін дамытуына үлкен бостандық берді. Поп-музыканың аймақтық сатылымы өсті, бірақ оларды танымал шетелдік стильдерінің коммерциялық таралуы танымал шетел стилімен қатар жүрді - малай поп-музыкасы, облыстық эстрада музыкасы, дангдута, мұсылман рогы, джайпонган және кампурсари. Қазіргі кезде Индонезияның музыкалық секторы Оңтүстік Шығыс Азиядағы ең үлкен, бірақ әлемдік стандартта шағын болып табылады.

Түйіндейміз: Этникалық түрлілікке және музыкалық-тарихи мәліметтердің толық еместігіне қарамастан, Оңтүстік Шығыс Азия музыкалық-тарихи, географиялық және мәдени тұтас құбылыс болып табылады. Мыңжылдықтың соңғы жартысында оның музыкалық өрнектері, экономикалық және саяси тарихы, отаршылдық тәжірибесі, тәуелсіздікке қол жеткізуі, жаңғыруы күреспен, әлемдік нарықтық экономикаға біртіндеп енуімен тығыз байланысты болды.

Оңтүстік Шығыс Азияның алғашқы музыка тарихы өз халықтарының әлемдік діндерге берілгендігімен байланысты. Бірінші мыңжылдықта құрлықта буддизм мен индуизм болды; екінші мыңжылдықта ислам Индонезия мен Малайзияда кең жайылса, Филиппинде мәсіхшілік басым болды. Төрт дінде Оңтүстік Шығыс Азияда өткенде де бүгінде де маңызды рөл атқарды. Табиғат және ата-баба рухтарына тағзым етуге негізделген жүйе барлық жерде тарихи кезеңге дейінгі уақыттан бар, оның дәлелі бүкіл аймақтан табылған Донгсонг қола барабанының сынықтары және әр түрлі магиялық мақсатқа арналған музыкалық рәсімдердің әлі күнге дейін бар болуы, мысалы, қауіпті жануарларды ұстау.

Оңтүстік-Шығыс Азиядағы ансамбльдің ең аз дәстүрлі түрі, оның ортасынан, географиясы мен тарихынан, әуендік аспап (мысалы, вокал немесе флейта), ұрмалы және басқа да аспаптардан тұрады. Барлық елдерде орта және ірі қола немесе мыс аспапты ансамбльдері бар, олардың прототиптері алғашқы мыңжылдықтың басынан бастап, анимистік-индуизм-буддистер дәуіріне жатады, ішекті, үрмелі және ұрмалы аспаптарды қамтуы мүмкін. Әр түрлі стильдер негізінен барабанның сүйемелімен соло және топтық орындауды немесе бимен әрленген, сонымен қатар Таяу Шығыс тарихы мен үнді-мұсылмандық байланыстарды да қамтиды. Христиандармен байланысты және христиан аймақтарындағы еуропалық стильдер, Еуропа үйлесімін, скрипка, орган және мыс ансамбльдері сияқты кірме аспаптарды, сондай-ақ еуропалық, Малай және басқа да Оңтүстік-Шығыс Азияның жергілікті музыкалық және би стильдерінің бірігуімен белгіленген.

Үндістан, Қытай, Таяу Шығыс, Еуропа және басқа да елдердің дәстүрлі музыкалық стилі мен Оңтүстік-Шығыс Азияның мазмұны бойынша тікелей музыкалық әсері ұзақ уақыт бойы жоғалып кетіп, жаңа ортаға бейімделу жағдайлары да өзгерді. Аймақтың музыкадағы өзгерістерге ықпал еткен соңғы фактор - бұл әлемдік экономика мен коммуникациялар желісіне ену болды, ал халықаралық жеке меншік сектордың мүдделері мен аймақтың табысты музыка мен медиа өнімдерін басқарады, сонымен қатар үкімет дәстүрлі музыкалық жанрдан бастап жаңа тәжірибелік музыканы да сақтап қалуға тырысты, тәжірибелік музыка - коммерциялық тұрақсыз болып қалуы ықтимал. Дегенмен, Оңтүстік Шығыс Азия музыка мәдениеті әр түрлі болып қала береді, себебі ол үнемі өзгеріп тұратын жағдайға шығармашыл бейімделуде.

Өзіндік жұмыс тапсырмасы: үнді-яван сарайларындағы «жоғары өнердің» белгісі болған Яван гонгтерін, Малайзиядағы Бангсаван театры, Малайзиядағы музыка мен Цапин биін, Таиландтың үлкен қуыршақ



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім  
Дәріс: Оңтүстік Шығыс Азияның музыка өнерінің тарихы /жалғасы/  
Дәріс авторы: Әлия Сабырова

театры Нанг Яй, Батыс Явадағы Уэйанга Голека қуыршақ театры және Яваның мұсылман ортасындағы классикалық Яван биі туралы басылымдарды оқып танысып, тыңдап тамашалау.

### Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар:

1. Abubakar C. (1983) «Оңтүстік Филиппиннің исламдануы: Шолу», кітапта F. Landa Jocano (ed.), Филиппин мұсылмандары: олардың әлеуметтік институттары мен мәдени жетістіктері
2. Ассман Дж. (1988) «Kollektives Gedachtnis und kulturelle Identitat», в J. Assman и T. Holscher (eds.), Kultur und Gedachtnis, Франкфурт-на-Майне: Suhrkamp
3. Baes J. (2002) «Филиппин композиторлары: соңғы отаршылдық замандағы қарсы ағымдар», «XX ғасырдағы Азиаттық композиторлар», Токио
4. Baes J. и A. Baes (1988) «Шығыс-Батыстық синтез немесе Филиппин танымал музыкасындағы мәдени гегемония?», Perfect Beat
5. Vandem IM, и FE de Boer (1995) Өтпелі кезеңдегі Бали биі: Кая мен Келод, Куала-Лумпур: Оксфорд университетінің баспасы
6. Барендрегт Б. (1968) «Көп өзендер патшалығынан: оңтүстік Суматра тау бөктеріндегі есте сақтау, орын және үй туралы түсініктер», докторлық диссертация, Амстердама Университеті
7. Базилик С. (2006) «Сазанду сүйемелденетін ротин стиліндегі әншілік дәстүр мен өзгерістер», докторлық диссертация, Монаш Университеті
8. Baulch E. (2007) «Сахына құру: 1990-шы жылдардағы Балиде регги, панк пен дэт-метал», Дарем, Солтүстік Каролина: Duke University Press
9. Becker J. (1975) «Kroncong, индонезиялық көпшілік музыка», Asian Music
10. McGraw Hill Catlin A. (1987) «хмонг-әйелдер әндері: бикештер, жетімдер, жесірлер және бардтар, кітапта A. Catlin и D. Swift (eds.), «Мәтін как Тексты: Искусство хмонг женщин из Лаоса», Лос-Анджелес: The Woman's Building